

Қазақстан Республикасында туристік қызметті лицензиялау туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 19 шілде N 918. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен

"Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 17 сәуірдегі Заң күші бар N 2200 Жарлығына сәйкес (Қазақстан Республикасы Жоғары Кеңесінің ведомостары, 1995 ж, N3-4, 14-құжат) Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Туристік қызметті лицензиялауға қоса беріліп отырған біліктілікті айқындау талаптары бекітілсін.

2. "Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 17 сәуірдегі N 2201 қаулысын жүзеге асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 29 желтоқсандағы N 1894 қаулысының 1-қосымшасына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж, N 41, 515-бап) мынадай толықтырулар енгізілсін:

лицензиялауға жататын қызметтің барлық түрлеріне лицензиялар, оның ішінде патент түрінде беруге өкілеттік мемлекеттік органдардың (лицензиялардың) тізбесі реттік 28 нөмірімен толықтырылсын:

28. Қазақстан Республикасының жастар ісі, туризм және спорт министрлігі - туристік қызмет.

*Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің*

орынбасары

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 19 шілдедегі
N 918 қаулысымен
бекітілген

Туристік қызметті лицензиялауға біліктілікті айқындау талаптары

Туристік қызметті жүзеге асыру құқына лицензия алушы заңды және жеке тұлғалардың біліктілігі мынадай талаптармен айқындалады:

I. Қазақстан Республикасының азаматтарын және шетелдік туристерді қабылдау мен қызмет көрсету, шетелге туристік сапарлар ұйымдастыру, транзит

туристерге қызмет көрсету, ішкі туризмнің барлық түрлерін ұйымдастыру жөнінде

1. Арнайы білімі мен туристік ұйымдарда еңбек стажы 2 жылдан кем емес және шет тілін білетін қызметкерлері болса.
2. Туристік қызмет көрсетуде әзірленген туристік маршруттары мен бағдарламалары болса.
3. Туристік жолдамада ұсынылатын қызметтер тізбесі болса.
4. Туристерді қабылдау үшін қажетті жеке меншік немесе жалға алынған материалдық-техникалық базасы:
туристік объектілері (қонақ үйлер, кемпингтер, аңшы, балықшы үйлері);
туристік керек-жарақтары;
туристерге қызмет көрсетуге қажетті көлік;
туристік ұйымның кеңсесі үшін үй-жайы болса.
5. Шетелдік туристік ұйымдармен және Қазақстандағы туристік объектілермен шарттары болса.
6. Туристерді медициналық сақтандыру және олардың мүлкін сақтандыру туралы сақтандыру фирмаларымен (компанияларымен) шарттары болса.
7. Туристік сапарлар мен жорықтарды ұйымдастыру кезінде денсаулықты сақтау және қауіпсіздік техникасы қамтамасыз етілсе.

II. Қазақстан Республикасы азаматтарының шетелдік туристік сапарларын ұйымдастыру, транзитті туристерге қызмет көрсету, ішкі туризмнің барлық түрлерін ұйымдастыру жөнінде

1. Арнайы білімі мен туристік ұйымдарда еңбек стажы 2 жылдан кем емес қызметкерлері болса.
2. Туристік қызмет көрсетуде әзірленген туристік маршруттары мен бағдарламалары болса.
3. Туристік жолдамада ұсынылатын қызметтер тізбесі болса.
4. Туристерді қабылдау үшін қажетті жеке меншік немесе жалға алынған материалды-техникалық базасы:
туристерге қызмет көрсетуге және шетелге жіберуге қажетті көлігі;
туристік объектілері (қонақ үйлер, кемпингтер, аңшы, балықшы үйлері);
туристік керек-жарақтары;
туристік ұйымның кеңсесі үшін үй-жайы болса.
5. Шетелдік туристік ұйымдармен және Қазақстандағы туристік объектілермен шарттары болса.
6. Туристерді медициналық сақтандыру және олардың мүлкін сақтандыру

туралы сақтандыру фирмаларымен (компанияларымен) шарттар болса.

7. Туристік сапарлар мен жорықтарды ұйымдастыру кезінде денсаулықты сақтау және қауіпсіздік техникасы қамтамасыз етілсе.

III. Ішкі туризмнің барлық түрлерін ұйымдастыру жөнінде

1. Арнайы білімі мен туристік ұйымдарда еңбек стажы 2 жылдан кем емес қызметкерлері болса.

2. Туристік қызмет көрсетуде әзірленген туристік маршруттары мен бағдарламалары болса.

3. Туристік жолдамада ұсынылатын қызметтер тізбесі болса;

4. Туристерді қабылдау үшін қажетті жеке меншік немесе жалға алынған материалдық-техникалық базасы:

туристерге қызмет көрсетуге қажетті көлігі;
туристік ұйымның кеңсесі үшін үй-жайы;
туристік объектілері (қонақ үйлер, кемпингтер, аңшы, балықшы үйлері);
туристік керек-жарақтары болса.

5. Туристік сапарлар мен жорықтарды ұйымдастыру кезінде денсаулықты сақтау және қауіпсіздік техникасы қамтамасыз етілсе.

IV. Гид-аудармашының, нұсқаушының, әдіскердің және туристік топтарды алып жүрушінің қызметін жүзеге асыру жөнінде

Тиісті оқу орнын немесе арнайы курстарды бітіргені жөнінде куәлігі болса.